

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Төрт түлік

ЖАРИЯЛАНДЫ
12.10.2020СІЛТЕМЕ
https://bilimger.kz/82924/

Төрт

Білім

беру

саласы:

Таным

Білім бөлімі:

Жаратылыстану

Тақырыбы: «Төрт түлік»**Мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерінпысықтау. Төлдерін, қоректеуін
түсіндіру.**Көрнекілігі:** Үй жануарлары және төлдерінің

суреті.

Әдіс-тәсілдер:

Сұрақ-жауап, әңгімелеу, көрсету.

Әрекет кезеңдері

Тәрбиешінің әрекеті

Балалардың әрекеті

<p>Ұйымдастырушы қозғаушы</p>	<p>Жарқырайды күніміз Жарқырайды даламыз Қайырлы таң достарым Қайырлы таң қонақтар</p>	<p>Шаттық шеңберін орындайды.</p>
<p>Ұйымдастырушы ізденуші</p>	<p>Балалар бүгінгі оқу қызметіміздің тақырыбы «төрт түлік» Жануарлар екі топқа бөлінеді. Үй жануарлары және жабайы жануарлар.Бүгін үй жануарларымен танысамыз.Үй жануарларына: жылқы,сиыр, түйе,қой жатады. Олар үйде, күтіп баптау арқылы өседі.Сондықтан оларды үй жануарлары деп атайды. Үй жануарларының берер пайдасы өте көп. Сүтін ішеміз, етін жиміз,жүнінен киім тоқиды. Сиырдың төлін- бұзау, Жылқының төлін – құлын, Түйенің төлін – бота, Қойдың төлін — қозы деп атайды.</p> <p>Балалар сендерді аналарың ботам, құлыншағым деп еркелетеді ме? Үй жануарлары дала шөптерімен қоректенеді.</p> <p style="text-align: center;">Сергіту сәті:</p> <p>Саусақтарым тұрыңдар, Сапты бірге құрыңдар. Желмен бірге майысып, Оңға,солға бұрыңдар.</p> <p>Дидактикалық ойын: «Төлін тап» Шарты:Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.Ойын осылай жалғаса береді. Қорытынды: -Үй жануарларының адамдарға қандай пайдасы бар? -Қой,сиыр түйе,жылқының төлдерін ата?</p> <p>-Жарайсыңдар,балалар.Бүгінгі оқу қызметіне жақсы қатыстыңдар. Оқу қызметіміз осымен аяқталды.</p>	<p>Ия</p> <p>Жаттығуды орындайды</p> <p>Сүтін ішеміз, етін жиміз.</p> <p>Бұзау, қозы,құлын, бота.</p>

Күтілетін нәтиже:

Білді? Төрт түлік жайлы **Не** мағлұмат алды.

Не істей алады? Олардың төлдерін атай алады.

Алдабергенова Жанар

ҚМ АА Күәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.